



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.05.2021 № 311

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің  
«Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық  
жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының  
жарғысына өзгерістер мен толықтырулар  
енгізу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 01-1-14/4237-И ұсынымының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 324 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) жарғысына қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Кәсіпорын заңнамада белгіленген тәртіппен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамында Кәсіпорынның жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Б. Тәшенов



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.05.2021 № 311

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**О внесении изменений и дополнений  
в устав Республиканского государственного предприятия на праве  
хозяйственного ведения «Республиканский центр развития  
здравоохранения» Министерства здравоохранения Республики Казахстан**


В соответствии с Законом Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе» и на основании представления Министерства здравоохранения Республики Казахстан от 30 апреля 2021 года № 01-1-14/4237-И **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые изменения и дополнения в устав Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр развития здравоохранения» Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее – Предприятие), утвержденный приказом Председателя Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 27 мая 2020 года № 324.

2. Предприятию в установленном законодательством порядке осуществить государственную регистрацию внесенных изменений и дополнений в устав Предприятия в некоммерческом акционерном обществе «Государственная корпорация «Правительство для граждан».

3. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Председатель



Б. Ташенев



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті Төрағасының  
2021 жылғы « 13 » *мамырда*  
№ *311* бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 324 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 19, «А» блогы.»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27) тармақшалармен толықтырылсын:

«21) дәрілік заттарды ұтымды пайдалануды бағалауды әдіснамалық сүйемелдеу;

22) Қазақстандық ұлттық формулярдың (ҚҰФ) анықтамалығын әзірлеу және іске асыру;

23) резидент еместер үшін (заңды және жеке тұлғалар) ҚҰФ деректер базасына және онлайн ресурстарына қолжетімділікті ұсыну;

24) денсаулық сақтау технологияларына кәсіби сараптама жүргізу;

25) денсаулық сақтау технологияларын бағалау;

26) денсаулық сақтау технологияларын бағалау (ДСТБ) нәтижелеріне кәсіби сараптама жүргізу және ДСТБ есебіне сараптамалық қорытынды дайындау;

27) денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуді болжау, мониторингтеу және жоспарлау тетіктерін жетілдіру және денсаулық сақтаудың кадр саясатының идеологиясы мен әдіснамасын әзірлеу негізінде денсаулық сақтаудың кадр ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету.»;

19-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) Басқарма төрағасының, оның орынбасарларының және бас бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Кәсіпорынның органы Басқарма және байқау кеңесі болып табылады.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның Басқарма төрағасымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Басқарма төрағасы байқау кеңесінің ұсынуы бойынша тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және оның алдын ала келісімі бойынша қызметтен босатылады.

Басқарма төрағасының ұсынуы бойынша тиісті саланың уәкілетті органы Басқарма төрағасының орынбасарлары мен Басқарма мүшелерін қызметке сайлайды және қызметтен босатады.

Басқарма төрағасымен және Басқарма төрағасының орынбасарларымен еңбек шартына тиісті саланың уәкілетті органы қол қояды.»;

25-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма төрағасы орынбасарларының біріне немесе Басқарма мүшесіне жүктейді;»;

25-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Басқарма төрағасының орынбасарлары мен Басқарма мүшелері арасындағы міндеттерді, сондай-ақ өкілеттілік және жауапкершілік салаларын бөледі;»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Басқарма төрағасының орынбасарлары және Басқарма мүшелері байқау кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасарлары мен Басқарма мүшелері атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның қызметін атқаруға құқылы емес.

Басқарма төрағасы орынбасарларының және Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Кәсіпорынның Жарғысымен, сондай-ақ еңбек шартымен айқындалады.»;

27-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және Кәсіпорынның Басқарма төрағасына, төрағасының орынбасарларына, Басқарма мүшелеріне және бас бухгалтерге даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржы көздерінен лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар, сыйлықақы белгілеу және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 46-1-тармақпен толықтырылсын:

«46-1. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен ғана дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға, қарыздарды беруге құқылы.»;

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«61. Басқарма төрағасының, Басқарма төрағасының орынбасарлары мен бас бухгалтердің лауазымдық айлықтарының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.».

Басқарма төрағасы К.Т. Надыров



Утвержден  
приказом Председателя  
Комитета государственного  
имущества и приватизации  
Министерства финансов  
Республики Казахстан  
от «13» мая 2021 года  
№ 311

**Изменения и дополнения в устав Республиканского  
государственного предприятия на праве хозяйственного ведения  
«Республиканский центр развития здравоохранения»  
Министерства здравоохранения Республики Казахстан**

В уставе республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр развития здравоохранения» Министерства здравоохранения Республики Казахстан, утвержденном приказом Председателя Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 27 мая 2020 года № 324:

пункт 7 изложить в следующей редакции:

«7. Место нахождения Предприятия: 010000, Республика Казахстан, город Нур-Султан, Есильский район, проспект Кабанбай батыра 19, блок «А».»;

пункт 15 дополнить подпунктами 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27) следующего содержания:

«21) методологическое сопровождение оценки рационального использования лекарственных средств;

22) разработка и реализация справочника Казахстанского национального формуляра (КНФ);

23) предоставление доступа к базам данных и онлайн ресурсам КНФ для нерезидентов (юридические и физические лица);

24) проведение профессиональной экспертизы технологий здравоохранения;

25) оценка технологий здравоохранения;

26) проведение профессиональной экспертизы результатов оценки технологии здравоохранения (ОТЗ) и подготовка экспертного заключения на отчет ОТЗ;

27) обеспечение эффективного управления кадровыми ресурсами здравоохранения на основе совершенствования механизмов прогнозирования, мониторинга и планирования обеспечения кадрами организаций здравоохранения и разработки идеологии и методологии кадровой политики здравоохранения.»;

подпункт 13) пункта 19 изложить в следующей редакции:

«13) устанавливает размеры должностных окладов председателя Правления, его заместителей и главного бухгалтера, систему премирования и иного вознаграждения;»;

пункт 20 изложить в следующей редакции:

«20. Органом Предприятия являются Правление и наблюдательный совет.»;

пункт 21 изложить в следующей редакции:

«21. Уполномоченный орган соответствующей отрасли оформляет трудовые отношения с председателем Правления Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.»;

пункт 24 изложить в следующей редакции:

«24. Председатель Правления назначается на должность уполномоченным органом соответствующей отрасли по представлению наблюдательного совета и по его предварительному согласованию освобождается от должности.

Заместители председателя Правления и члены Правления избираются на должность и освобождаются от должности уполномоченным органом соответствующей отрасли по представлению председателя Правления.

Трудовой договор с председателем Правления и заместителями председателя Правления подписывается уполномоченным органом соответствующей отрасли.»;

подпункт 6) пункта 25 изложить в следующей редакции:

«6) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на одного из заместителей председателя Правления или на члена Правления;»;

подпункт 7) пункта 25 изложить в следующей редакции:

«7) распределяет обязанности, а также сферы полномочий и ответственности между заместителями председателя Правления и членами Правления;»;

пункт 26 изложить в следующей редакции:

«26. Заместители председателя Правления и члены Правления вправе работать в других организациях только с согласия наблюдательного совета.

Председатель Правления, заместители председателя Правления и члены Правления не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа другого юридического лица.

Функции, права и обязанности заместителей председателя Правления и членов Правления определяются законодательством Республики Казахстан и (или) Уставом Предприятия, а также трудовым договором.»;

подпункт 6) пункта 27 изложить в следующей редакции:

«6) участвует в разработке коллективного договора и принимает решения в части установления председателю, заместителям председателя Правления Предприятия, членам Правления и главному бухгалтеру надбавок к

должностным окладам, премирования и оказания материальной помощи из дополнительных финансовых источников в пределах средств, утвержденных планом развития;»;

пункт 46 изложить в следующей редакции:

«46. Предприятие вправе с письменного согласия уполномоченного органа по государственному имуществу по представлению уполномоченного органа соответствующей отрасли:

- 1) создавать филиалы, представительства;
- 2) распоряжаться принадлежащими ему акциями акционерных обществ;
- 3) выдавать поручительство или гарантию по обязательствам третьих лиц.»;

дополнить пунктом 46-1 следующего содержания:

«46-1. Предприятие вправе передавать и списывать дебиторскую задолженность, предоставлять займы лишь с письменного согласия уполномоченного органа соответствующей отрасли.»;

пункт 61 изложить в следующей редакции:

«61. Размеры должностных окладов председателя Правления, заместителей председателя Правления, главного бухгалтера, система их премирования и иного вознаграждения устанавливаются уполномоченным органом соответствующей отрасли.».

Председатель Правления Надыров К.Т.

